

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КЕЙБІР ФУНКЦИЯЛАРЫН ТӘЖІРБИЕСІ КЕҢЕЙТІЛГЕН МЕЙІРГЕРІНЕ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРЫ

Закирова Д.З.¹⁻³, Мамырбекова С.А.¹, Аязбеков А.К.²⁻³

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

²Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

*³ШЖҚ "№3 Облыстық перинаталдық орталық" МКК
Түркістан қ., Қазақстан*

Аннотация.

Осы мақалада перинаталдық орталықтың кеңейтілген практика мейіргеріне дәрігердің функциясын берудің негізгі құрылымдық және функционалдық элементтері келтірілген. Сонымен қатар осы жаңашылдықты одан әрі іске асыру процессі, оған көшу жолдары көрсетілген. Бұл ең алдымен халыққа көрсетілетін медициналық көмектің тиімділігін арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, дәрігерді қағазбастылықтан арылтады, ем алушының денсаулық жағдайын жете бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер. Құзыреттер, функцияларды беру, перинаталдық орталық, дәрігер, кеңейтілген практиканың мейіргері.

Өзектілігі

Елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер денсаулық сақтау жүйесіне тікелей әсерін тигізбей қоймады. Медициналық ұйымдардың, атап айтқанда, перинаталды қызметтердің жұмысына әсер ететін қазіргі жағдайға тән ішкі және сыртқы факторлар мыналар:

- денсаулық сақтау жүйесінде шаруашылық қызмет субъектілері арасында нарықтық қатынастардың пайда болуы;
- әртүрлі меншік нысанындағы емдеу-профилактикалық мекемелері арасындағы бәсекелестіктің күшеюі;
- тұтынушылардың, сақтандыру компанияларының тарапынан көрсетілетін медициналық қызмет сапасына қойылатын талаптардың өсуі;
- кадрлардың тұрақсыздығы (мейіргер кадрларының тапшылығы);
- мейіргерлердің өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі;
- мейіргер ісін реформалау бағдарламасының пайда болуы;
- қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуі болып табылады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ-199/2020 «Мейіргерлік күтім көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «кеңейтілген практика мейіргері – мейіргерлік күтім шеңберінде кеңейтілген

функцияларды жүзеге асыратын мейіргер ісі саласындағы орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар маман» [1].

ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығымен (84-т.) кеңейтілген практика мейіргерінің үлгілік лауазымдық міндеттері белгіленген; олар қауіпсіз аурухана ортасының ұйымдастырылуын және инфекциялық бақылауды, емхана мен аурухана деңгейінде денсаулық сақтаудың мамандандырылған салаларына белгіленген мейіргерлік араласулар тиімділігін бағалайды, науқастарға және де отбасы мүшелеріне жалпы күтім жасау және ауруды басқару тийімділігін мониторингілейді, емдік -профилактикалық мекемеде дәрілік заттарды, қан препараттарын және қан алмастырғыштарды есепке алуды және сақтауды сонымен қатар есепке алу мейіргерлік құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді. [2].

Осыған орай, бүгінгі күні жалпы медицина қызметкерлерінен заманауи техниканы кәсіби тұрғыда меңгеру талап етіледі. Медицина персоналын инновациялық технологияларға оқыту көптеген емдеу мекемелері, атап айтқанда, республиканың перинаталдық қызметтері үшін жұмыс істеудің міндетті шарты болып табылады. Бұл уақытты үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасын арттырады. Сондықтан ең алдымен кадрларды осы технологияларды қолдана білуге даярлау қажет.

Мейіргерлердің кәсіби функционал аясын кеңейту, өкілеттікті беру дәрігерлердің, ауыр науқастарды емдеуде, адам өміріне аса маңызды міндеттерді шешуде уақытты ұтуға септігін тигізері сөзсіз. Бұдан басқа, аталған функцияны беру қызметкерлердің командалық рухын және мотивациясын нығайтады, қызметкерлердің әлеуетін ашуға, олардың дамуына ықпал етеді, ол үшін алдымен әрине қай функция берілуі керек, қайсысы қалуы тиіс екенін алдын ала зерделеу қажет.

Мысалы, арнайы дағды мен білімді қажет етпейтін, нәтижеге қатты әсері жоқ, бірақ жиі қайталанып, көп уақытты талап ететін: графиктерді толтыру, бланкілерге басып шығару, журналдарды тігу және беттерді нөмірлеу, бөлу, ақпарат жинау, талдау және сөрелерге қою және тағы басқа, күнделікті жұмыстарды мейіргерлер құзыреттілігіне қалдыруға болады. Сондай-ақ мамандандырылған (әсіресе тар бағытқа) профильге: жүктілік мерзімін белгілеу, жүкті әйелдің денсаулық жағдайын бағалау, мүмкін болатын бұзушылықтарды анықтау және физиологиялық босануды жүргізу, сыртқы акушерлік зерттеу, босану кезеңі мен ұрықтың жағдайын, жатыр мойнының жетілу дәрежесін анықтау тәрізді бекітілген бір функционал тізбегін мейіргерлердің құзіретіне жатқызуға болады.

Кесте. Перинаталдық орталықта 1 жыл ішінде 1 маманға түскен жүктемені жылдар бойындағы статистикалық салыстырмасы.

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021
Жалпы босану	7986	7373	7545	9755	11393

Кесар тілігі	1706	1836	1688	1820	2124
Босану санын 1 акушер-гинекологқа шаққандағы	380	368	359	443	455
Тірі туылған нәрестелер санын 1 неонатологқа шаққандағы	1003	1233	1093	979	1105
Емделгендер саны 1 анестезиолог-реаниматологқа шаққандағы	543	578	560	390	406

Кестеде көрінгендей соңғы 5 жыл көлемінде №3 Облыстық перинаталдық орталықта қабылданған босану саны 2017 жыл мен 2021жыл арасында соңғы 5 жылдыққа босану саны 3400-ге өскен, пайыздық мөлшермен шаққанда босану 30% ұлғайған. Аталған жүктемелер дәрігерлік персонал арасында шаршау, эмоциональді күйзеліс сияқты факторлар перинаталды қызметтің тиімділігіне теріс әсер етеді. Бұдан басқа, мақалада ең басты проблеманың бірі дәрігерлер жүктемесіне назар аударту болып отыр. Осыған байланысты, дәрігердің кейбір функцияларын кеңейтілген практика мейіргерлеріне беру аса қажет. Осы кестеде келтірілген статистикалық деректер нәтижесіне сүйенсек акушер-гинеколог, неонатолог, анестезиолог-реаниматолог дәрігерлердің жұмыс ауқымы жүктемесін 5 жыл көлемінде артқанын байқауға болады. Осы тұста дәрігерлерге түсетін жүктемелерді кеңейтілген практика мейіргерлерінің потенциалын және резервтерін қолдану біздің ойымызша өте орынды және ұтымды оңтайландыру болып табылады. [3]

Мейіргер бакалавр функциясы "дәстүрлі" мейіргерлерге қарағанда, қазіргі таңдағы актуалды заңды құжаттармен бекітілген қызметтік құзіреттері кеңейтілген, дегенмен мейіргерлердің міндеттері «автоматты түрде» дәрігердің берген медициналық нұсқауларын орындаумен ғана шектелмейді, жеке дара маман ретінде қалыптасуы жөн. Мейіргерлер кез келген емдеу сатысында бірін-бірі алмастыру мәртебесіне және жоғары кәсібилікке ие, сондай-ақ емдеу қызметінің кез келген түріне қатыса алады. Осыған байланысты, перинаталдық қызметте дәрігер функцияларын кеңейтілген практика мейіргерлеріне беру тиімді, әрі нәтижелі болады [4].

Қорыта айтқанда, дәрігерлердің функциясын кеңейтілген практикадағы мейіргерлерге беру – бүгінгі заман талабы. Дәрігердің негізгі міндетін тиімді, сапалы орындауы үшін артық функциялардан арылтатын кез келді. Өйткені бұл алдымен ана мен бала өмірі үшін аса қажет екенін түсіну керек. Әр науқастың тарихын, денсаулығының ерекшелігін зерттеу

мүмкіндігі болғанда ғана ем-шара тиімді болмақ. Сондықтан мейіргерлерге берілетін функция медицина саласындағы дәрігерлер жұмысын оңтайландыруға септігін тигізеді.

Өз кезегінде мейіргерлердің де қызметіне деген ынталары артып, бәсекеге қабілетті маман иесі екенін сезіне түседі. Мейіргердің алдына қойылатын жауапты міндеттер оның кәсіби тұрғыда өсуіне де ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ-199/2020 бұйрығы «Мейіргерлік күтім көрсету қағидаларын бекіту туралы»

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы».

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1043 бұйрығы «Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы».

4. Огнева, Е.Ю. Эффективность в системе здравоохранения / Е. Ю. Огнева // Емдеу мекемесінің экономикасі. - 2017. - № 7. - С. 44-46.